

## Ұзынкөл ауданында ақы төленетін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 11 наурыздағы № 65 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 2 сәуірде № 4077 болып тіркелді

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 26.06.2014 № 143 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабының 5) тармақшасына, 20 бабына сәйкес Ұзынкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Б е к і т і л с і н :

1) осы қаулының қосымшасына сәйкес ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және нақты жағдайлары;

2) аудандық бюджет қаражатынан ең төмен жалақының бір жарым мөлшерінде қоғамдық жұмыстарда жұмыспен қамтылған азаматтардың еңбек а қ ы с ы ;

2. Жұмыссыздарды уақытша жұмысқа орналастыру үшін қоғамдық жұмыстар п а й д а л а н ы л с ы н .

3. Қоғамдық жұмыстардың ұйымдастырылуы "Ұзынкөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі және тізбеде белгіленген ұйымдар арасында, қолданыстағы заңнамаға сәйкес жасалған қоғамдық жұмыстарды орындау шартында көрсетілген жағдайларда ж ү р г і з і л с і н .

4. "Ұзынкөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі:

1) қоғамдық жұмыстарды орындауға жұмыс берушілермен үлгілік шарттарды ж а с а с ы н ;

2) қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайларын есепке а л с ы н ;

3) ауданның бюджет қаражатынан қоғамдық жұмыстарға қатысушылардың еңбек ақысын өтеу, оның ішінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы

заңнамамен белгіленген міндетті зейнетақы жарналарын, табыс салығын төлеу үшін жұмыс берушілердің есеп айырысу шоттарына ақшалай қаражатты аударсын;

4) жұмыс берушілерге Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген мөлшерде мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды төлеуге арналған шығындар, жалақыны аудару мен төлеу бойынша екінші деңгейдегі банктердің қызметі үшін комиссиялық сыйақы төлеуге арналған шығындар шартпен белгіленген мөлшерде аудандық бюджеттен өтесін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау ауданы әкімінің орынбасары С.Ж. Бейсимбаева жүктелсін.

6. Осы қаулы оны алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2013 жылдың 1 сәуірінен бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Ұзынкөл ауданының әкімі

Т. Ташмағамбетов

КЕЛІСІЛДІ

Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Ұзынкөл аудандық орталық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының бас дәрігері  
----- Қ. Ержанов

Әкімдіктің

2013 жылғы

11

наурыздағы

№ 65 қаулысына қосымша

### Ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және нақты жағдайлары

№	Ұйым атауы	Жұмыс түрлері	Жұмыс көлемі	Нақты жағдайлары
		Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін күнделікті жұмыстарға көмек: аумақты жинау және абаттандыруға көмек; жөндеу жұмыстарын өткізу кезіндегі көмек;		

1.	Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Ұзынкөл аудандық орталық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, Бауман, Ершов, Киев, Киров, Куйбышев, Новопокров, Петропавл, Чапай, Федоров, Пресногорьков, Россия, Суворов, Карлмаркс, Ұзынкөл селолық округтерінің, Троебрат, Ұзынкөл, Ряжск селоларының аумағындағы тұрған объектілерін жөндеуге және абаттандыруға қатысу.	151200 сағат	Қ а з а қ с т а н Республикасының заңнамасымен қарастырылған шектеулерді алып, жұмыстарға қатысушының уақытының аптасына 40 аспайтын, екі күндерімен, сағаттан кем емес үзіліс.	еңбек есепке қоғамдық бір жұмыс ұзақтығы сағаттан демалыс бір түскі
----	---	--------------	---	---